

Кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындарды және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайларды белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы N 544 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 13 желтоқсанда N 14-2-119 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 182 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 13.03.2015 № 182 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28 бабының 4 және 6 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына сәйкес Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Арыс қалалық сайлау комиссиясымен бірлесе отырып (келісім бойынша), Арыс қаласы бойынша барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындардың тізбесі 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.
 2. Кандидаттардың сайлаушылармен кездесу өткізу үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар тізімі 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.
 3. Ауыл округтерінің әкімдері үгіттік баспа материалдарын барлық кандидаттар үшін тең құқықтар қамтамасыз ететін жағдайда орналастыруды, сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайларды беру шарттарының бірдей және тең болуын қамтамасыз етсін.
 4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б. Ділдәбековке жүктелсін.
 5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
- Қала әкімі *Қ.Сыдықов*

К Е Л І С І Л Д І :

Арыс қалалық сайлау
комиссиясының төрағасы
Ағыбаев Талғат Құдайбергелұлы

№ 544 қаулысына 1-қосымша

Кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

р/с	Қала, ауылдық округтер атауы	Белгіленген орындар	Түрі
1	Арыс қаласы	Әл-Фараби және Ергөбек көшелерінің қиылысы	тақта
		Төле би және Майлы қожа көшелерінің қиылысы	тақта
		Ергөбек көшесі, Халыққа қызмет көрсету орталығы ғимаратының алды	тақта
2	Ақдала ауылдық округі	Ақдала ауылының Амангелді көшесінің Арыс-Дермене тасжолымен қиылысы	тақта
3	Байыркұм ауылдық округі	Байыркұм ауылының Жұмабеков көшесіндегі аялдмасының жаны	тақта
4	Дермене ауылдық округі	Дермене ауылының кіре берісіндегі аялдманың жаны	тақта
5	Жиделі ауылдық округі	Жиделі ауылының орталық көшесі	тақта
6	Задария ауылдық округі	Задария ауылының Б.Шүкірбеков және С.Сейфуллин көшелерінің қиылысы	тақта
7	Монтайтас ауылдық округі	Монтайтас ауылының Б.Онтаев және А.Құнанбаев көшелерінің қиылысы	тақта

№ 544 қаулысына 2-қосымша

Кандидаттардың сайлаушылармен кездесу өткізу үшін шарттық негізінде берілетін үй-жайлар тізімі

р/с	Қала, ауылдық округтер атауы	Өткізілетін орны	Мекен жайы
1	Арыс қаласы	«Теміржолсу-Арыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мәжіліс залы	Привокзальная көшесі
2	Байыркұм ауылдық округі	Ауылдық клуб	Тұрғынбаев көшесі
3	Дермене ауылдық округі	Ауылдық клуб	С.Сейфуллин көшесі
4	Жиделі ауылдық округі	Ауылдық клуб	Нартай көшесі
5	Монтайтас ауылдық округі	Ауылдық клуб	Б.Онтаев көшесі